

2018 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Амангелді ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 5 маусымдағы № 60 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 14 маусымда № 7849 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Амангелді ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2018 жылға арналған Амангелді ауданының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Амангелді ауданы әкімдігінің білім беру бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімдіктің қаулысы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Амангелді ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Амангелді ауданы әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н. Өтегенов

Әкімдіктің

2018 жылғы "5" маусымдағы

№ 60 қаулысына

қосымша

2018 жылға арналған Амангелді ауданының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысың мөлшері

| № | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының атауы | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы | | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ата-ананың бір айдағы төлемақы мөлшері (теңге) |
|---|---|--|--|--|--|
| | | | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың бір айдағы орташа құны (теңге) | |
| 1 | Амангелді ауданы Амангелді ауылы | "Амангелді ауданының Амангелді ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Балдырған" балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 60 | 29903 | 3 жасқа дейін – 4000 3 жастан 5 жасқа дейін - 5400 |
| 2 | Амангелді ауданы Амангелді ауылы | "Амангелді ауданының Амангелді ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Қаламқас" балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 140 | 29903 | 3 жасқа дейін – 4000 3 жастан 5 жасқа дейін - 5400 |
| | | "Амангелді ауданының Амангелді ауылдық округі әкімінің | | | |

| | | | | | |
|---|-------------------------------------|--|-----|-------|---|
| 3 | Амангелді ауданы Амангелді ауылы | аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Жұпар" балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 100 | 29903 | 3 жасқа дейін – 4000 3 жастан 5 жасқа дейін - 5400 |
| 4 | Амангелді ауданы Үрпек ауылы | "Амангелді ауданы әкімдігінің білім беру бөлімінің эстетикалық бағыттағы Жаңаауыл жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күн болатын шағын-орталық | 12 | 28460 | 3 жастан 5 жасқа дейін - 3500 |
| 5 | Амангелді ауданы Амантоғай ауылы | "Амангелді ауданы әкімдігінің білім беру бөлімінің Амантоғай жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күн болатын шағын-орталық | 25 | 28460 | 3 жастан 5 жасқа дейін - 3500 |
| 6 | Амангелді ауданы Байғабыл ауылы | "Амангелді ауданы әкімдігінің білім беру бөлімінің А. Нұрманов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы | 25 | 28460 | |

| | | | | | |
|---|----------------------------------|---|----|-------|-------------------------------|
| | | толық күн болатын шағын-орталық | | | 3 жастан 5 жасқа дейін - 3500 |
| 7 | Амангелді ауданы Жалдама ауылы | "Амангелді ауданы әкімдігінің білім беру бөлімінің Жалдама жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күн болатын шағын-орталық | 20 | 28460 | 3 жастан 5 жасқа дейін - 3500 |
| 8 | Амангелді ауданы Аксай ауылы | "Амангелді ауданы әкімдігінің білім беру бөлімінің Бүйректал жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күн болатын шағын-орталық | 25 | 28460 | 3 жастан 5 жасқа дейін - 3500 |
| 9 | Амангелді ауданы Амангелді ауылы | "Амангелді ауданы әкімдігінің білім беру бөлімінің Н . Мейірманов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күн болатын шағын-орталық | 25 | 28460 | 3 жастан 5 жасқа дейін - 3500 |
| | | "Амангелді ауданы әкімдігінің білім беру бөлімінің Рассвет жалпы білім беретін | | | |

| | | | | | |
|----|--------------------------------|---|----|-------|-------------------------------|
| 10 | Амангелді ауданы Ұштоғай ауылы | негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күн болатын шағын-орталық | 15 | 28460 | 3 жастан 5 жасқа дейін - 3500 |
| 11 | Амангелді ауданы Құмкешу ауылы | "Амангелді ауданы әкімдігінің білім беру бөлімінің Құмкешу жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күн болатын шағын-орталық | 25 | 28460 | 3 жастан 5 жасқа дейін - 3500 |